

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ТІРКЕУ
ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БОЙЫНША СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ БӨЛІМІ

2022 ж. « 15 » 12 _____ тіркелді

БСН 221 240 023 846
БЕРІЛДІ



Абай облысының
қаржы басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің

2022 жылғы « 14 » желтоқсан
№ 146-н/а бұйрығымен бекітілген

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ АБАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ТІРКЕУ
ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БОЙЫНША СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ БӨЛІМІ

2023 ж. « 10 » 01 _____ тіркелді

Құрылыс қорына (ережеге) еңгізілген
өзгерістер мен толықтырулар

БСН 221 240 023 846

**Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының
«Облыстық психикалық денсаулық орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының
Жарғысы**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік кәсіпорынның шаруашылық жүргізу құқығындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын Абай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 14 желтоқсандағы «Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорның құру туралы» № 91 қаулысына сәйкес құрылды.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы «Абай облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі болып табылады (бұдан әрі – Жергілікті атқарушы орган).
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Абай облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Абай облысы денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.
6. Кәсіпорынның атауы:
мемлекеттік тілде:

толық атауы: Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

қысқартылған атауы: Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК

орыс тілінде:

толық атауы: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной центр психического здоровья» управления здравоохранения области Абай

қысқартылған атауы: КГП на ПХВ «Областной центр психического здоровья» управления здравоохранения области Абай.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: индексі 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 8.

2-тарау. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні медициналық қызметпен айналысуға берілген мемлекеттік лицензия негізінде және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу стандарттарына сәйкес медициналық көмек көрсету болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) Кең профильді және мамандандырылған ауруханалар қызметі (ЭҚЖЖ 86101);
- 2) Стационарлары бар басқа да емдеу мекемелерінің қызметі (ЭҚЖЖ 86109);

3) Арнайы дәрігерлік практика (ЭҚЖЖ 86220);

4) Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет (ЭҚЖЖ 86900):

- рентген зертханалары мен басқа да диагностикалық орталықтар, қан талдауларын жүргізетін зертханалар сияқты медициналық зертханалардың қызметі.

15. Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Әртүрлі түрдегі медициналық көмектерді ұсыну:

- біріншілік медициналық-санитариялық көмек: дәрігерге дейінгі көмек; білікті көмек;

- мамандандырылған медициналық көмек;

- медициналық-әлеуметтік көмек;

2) Стационарлық көмек;

- балалар тұрғындарына: Жалпы психиатрия, Психотерапия, Педиатрия, Невропатология; Наркология мамандықтары бойынша;

- ересек тұрғындарға: Психотерапия, Гинекология, Жалпы психиатрия, Жалпы терапия, Невропатология; Наркология; Дерматовенерология; Хирургия; Фтизиатрия; Рентгенология мамандықтары бойынша;

3) ересек тұрғындарға мамандық бойынша стационарлық - алмастырушылық көмек: Психиатрия, наркология; Психиатрия; Наркология;

4) Кеңестік – диагностикалық көмек:

- балалар тұрғындарына: Психотерапия, Жалпы психиатрия, Педиатрия; жалпы; Наркология мамандықтары бойынша;

- ересек тұрғындарға: Психиатрия: медициналық психология, наркология; Жалпы психиатрия, Психотерапия, Жалпы Терапия; Невропатология; Наркология; Стоматология; Медициналық оңалту, қалпына келтіріп емдеу: физиотерапия мамандық бойынша.

5) Уақытша еңбекке жарамсыздық сараптамасы;

6) диагностика: функциялық диагностика; рентгенологиялық диагностика;

7) Зертханалық диагностика:

- биохимиялық зерттеу;

- жалпыклиникалық зерттеу.

8) медициналық оңалту, физиотерапия.

9) фармацевтік қызмет: тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде денсаулық сақтау саласында дәрілік заттарды бөлшек саудада тарату;

10) денсаулық сақтау саласында: есірткі заттарын, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымымен байланысты қызмет.

11) сараптама қызметтерін жүзеге асыру: дәрігерлік-еңбек, әскери-медициналық сараптама, әскери-психиатриялық сараптама, сот-психиатриялық сараптама, сот наркологиялық сараптама, ішкі сараптама медициналық көмек көрсету, еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы;

12) сот шешімі бойынша қоғамдық-қауіпті іс-әрекет жасаған психикалық ауруларды, психобелсенді заттарды мөлшерден тыс қабылдайтын ауруларды мәжбүрлеп емдеуді жүзеге асыру;

13) психикалық және мінез-құлық бұзылыстары болғанда, аурулардың алдын алу;

- екінші ретоньң ерте бағытталған және олардың салдарынан асқынған аурулардың психикалық және мінез-құлық бұзылыстары болғанда алдын алу;

- үшінші рет кззірдің езінде бақылауға алынған асқынғандарды алдын алу;

14) емдеу-профилактикалық мекемелерге консультативті психиатриялық көмек көрсету;

15) дәрігерлер мен орта медицина мамандарының біліктілігін арттыру бойынша іс-шара өткізуге;

16) профилактикалық тексеру;

17) әскери міндеттілердің, әскерге шақыру жасындағы адамдардың психикалық мінез-құлықтық бұзылуларын анықтап зерттеу;

18) кәсіпорынның медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және мамандыққа оқытуды ұйымдастыру;

19) келісімшарт негізінде кәсіпорындар мен мекемелерге медициналық қызмет көрстеу.

20) қолданыстағы заңнамаға сәйкес Абай облысының халқын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қамтамасыз ету;

21) динамикалық наркологиялық байқауға қою мәселесін шешу мақсатында психоактивті заттарды пайдалану (ПЗП) фактісін тәулік бойы мас болу сараптамасының кабинетіне және Уақытша бейімдеу және детоксикация бөлімшесіне (УБЖДБ) жағдайын анықтау үшін медициналық куәландыруды жүргізу;

22) уақытша бейімдеу және детоксикация бөлімшесінде, ауырлығы орташа дәрежедегі алкогольдік масаң күйдегі адамдарға наркологиялық көмек көрсету;

23) қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы қызмет: аурулардың профилактикасы, салауатты өмір салтын қалыптастыру, медициналық тексерулер жүргізу, наркологиялық тестілеу жүргізу және басқа да қызмет түрлері;

24) денсаулық сақтау қызметтерімен және органдарымен, облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі атқарушы, өкілді билік ұйымдарымен және кәсіпорынның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жоғары тұрған органдармен өзара іс-қимыл жасау;

25) мемлекеттік басқару органы бекіткен тізбе және бағалар бойынша ақылы медициналық қызметтер көрсету жөніндегі медициналық қызмет.

Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның

басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі Тиісті саланың уәкілетті органының немесе Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Денсаулық сақтау ұйымдарында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік дамыту Министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі №304 бұйрығына сәйкес кәсіпорын Ережелерді бекіту туралы ақылы қызметтерді денсаулық сақтау ұйымдарында сәйкес ақылы дәрігерлік қызметтер көрсетуге құқығы бар.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қояды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

3) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң Тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қояды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

6) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорындардың жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң Тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюға келісім береді;

6) кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасары (орынбасарлары) қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады;

9) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

10) кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

11) кәсіпорынның облыстық бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігін толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5-тарауда көзделген жағдайларда бақылау кеңесі болып табылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

23. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілермен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

24. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) Өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) Өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) Жеке жауаптылықта болады:

- қаржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

- таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

11) Оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

25. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5-тарау. Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) Тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) Даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) Демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) Бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және

көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Тиісті саланың уәкілетті органына ұсыныстар енгізеді;

5) Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныстарын келіседі;

6) Ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) Байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) Тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Тиісті саланың уәкілетті органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

27. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажеттілікке орай, бірақ, кем дегенде тоқсанына бір рет өткізіледі.

28. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, Тиісті саланың уәкілетті, байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

29. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

30. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

31. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

32. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

33. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша (жарғылық капиталға қатысу үлестері, пайлар) оның ішінде Кәсіпорын қызметшілері арасында бөлінбейді.

34. Кәсіпорын мүлкі мына есептен қалыптасады:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында тиым салынбаған басқа да табыс көздері.

35. Кәсіпорынның жүргізілуінде оның жарғылық мақсатымен қарастырылған қызметін қамтамасыз етуге қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік болады.

36. Егер осы жарғыда басқаша қарастырылмаса немесе осы заттық құқық табиғатына қайшы келмейтін болса, шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншіктік және заттық құқықтарын алу және тоқтату үшін қарастырылған шарт тәртібінде жүзеге асырылады.

37. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудан түскен өнімдер және кірістер, сондай-ақ келісімшарттар бойынша немесе басқа негіздер бойынша Кәсіпорын алған мүліктер меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

38. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен басқадай белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаса, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорын үшін мүлікті оның балансына бекіткен кезде туындайды.

39. Кәсіпорынның сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде негізгі құралдарға жататын мүлікті иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

40. Кәсіпорынның мүлікке шаруашылық құқығын жүргізу Қазақстан Республикасының меншік құқығын тоқтатуға арналған Азаматтық Кодексінің 249 – бабында қарастырылған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» 162 Заңында қарастырылған негіздер және тәртіп бойынша тоқтатылады.

41. Кәсіпорын өзіне шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі қорларға жатпайтын жылжымалы мүлікке өз бетінше билік етеді.

42. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе мүлік иесі мемлекеттік мүлік жөніндегі Өкілетті органда басқадай айтылмаса, мүлікпен жасалған мәмілелерден түскен ақшаны Кәсіпорын өз бетінше пайдаланады.

7-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

43. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

44. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

45. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

47. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 30 630 000 (отыз миллион алты жүз отыз мың) теңге құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

9-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

48. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің Тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

49. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

50. Байқау кеңесімен Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, Тиісті саланың уәкілетті органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

10-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

51. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

52. Мемлекет құрылтайшының, Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе Тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

53. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

54. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

55. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорының басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін Тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

12-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

56. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

57. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

58. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

59. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

60. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

14-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

61. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Абай облысы

денсаулық сақтау басқармасының

«Облыстық психикалық денсаулық

орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны м.а. директор



Т.О. Адильханов

Келісілді

«Абай облысы денсаулық сақтау басқармасы»

мемлекеттік мекемесінің басшы



М.Н. Сандыбаев



Утвержден
приказом государственного учреждения
ГУ «Управление финансов
области Абай»

от « 14 » декабря 2022 года

№ 146-н/к

Устав коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Областной центр психического здоровья» управления здравоохранения области Абай

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной центр психического здоровья» управления здравоохранения области Абай (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением областного акимата области Абай от 14 декабря 2022 года № 91 «О создании коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Областной центр психического здоровья» управления здравоохранения области Абай».

3. Учредителем Предприятия является Государственное учреждение «Аппарат акима области Абай» (далее – Местный исполнительный орган).

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет государственное учреждение «Управление финансов области Абай» (далее – Уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Управление здравоохранения области Абай» (далее – Уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия:

На государственном языке:

полное: Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

сокращенное: Абай облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» ШЖҚ КМК.

На русском языке:

полное: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Областной центр психического здоровья» управления здравоохранения области Абай

сокращенное: КГП на ПХВ «Областной центр психического здоровья» управления здравоохранения области Абай.

7. Место нахождения Предприятия: индекс 071400, Республика Казахстан, область Абай, город Семей, улица Кайым Мухамедханов, 8.

Глава 2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является оказание медицинских услуг на основании лицензии на занятие медицинской деятельностью и свидетельство о соответствии деятельности субъекта здравоохранения стандартам аккредитации в области здравоохранения Республики Казахстан.

